

ӘОЖ 541.64; 615.217

T. N. АҚЫЛБЕКОВА, Е. О. БАТЫРБЕКОВ, Р. М. ИСҚАҚОВ, Б. А. ЖҰБАНОВ

## ПЕНОПОЛИУРЕТАН МАТРИЦАСЫНА КАЗКАИНДЫ ИММОБИЛИЗАЦИЯЛАУ

Пенополиуретан матрицасына орынды жансыздандырыш казкаин препаратының иммобилизациясы жүргізілді. Дәрілік заттардың полимер үлгісінен белініп шығу динамикасы зерттелінді. Орынды жансыздандырыш дәрілік заттың пролонгациясын ұзарту үшін пенополиуретаның мүмкіндіктері қарастырылып, қорытындысы жасалды.

Қазіргі кездеғі медикобиологиялық полимерлер химиясының өзекті мәселесі жансыздандырыш әсерінен пролонгацияланған (емдік қасиеті созылмалы) жоғары эффективті полимер қаптамасын өндесу болып табылады. Осындағы материалдардың қасиеттеріне медико-биологиялық қажетті және технологиялық сипатта көптеген талаптар қойылады. Оларға: жаракат эксудатын адсорбциялау, жаракат бетінен киындықсыз алынуы, жаракатты сырткы орта инфекциясынан қорғау, закымданған жердің жандануына қажетті ауа етімділігін беру, заарсыздандырылуы женіл іске асырылатын қабілеттерімен қатар әрі қарапайым және арзан болуы жатады. Осы күнде пайдаланылатын мариялық таңғыштардың артықшылығымен қатар маңызды кемшиліктері бар, әдетте оларда закымданған жаракат орнын сырткы орта инфекциясынан қорғауға қажетті изоляция-лау қабілетінің болмауы, ауыстыру кезінде жаракаттар бетінен жабысып, қолайсыздықтар тузызу болып табылады. Доныз және консервирленген адам терісін күйік орындарына жабынды ретінде жиі пайдаланылады, бірақ кемшилігі онын қымбаттылығында. Сондықтан да жабындылар ретінде әртүрлі жаракаттар бетінен синтетика және табиги полимерлер негізіндеғі материалдарды пайдалану артып келеді [1,2]. Жаракаттар мен күйік орнын емдеу үшін медициналық тәжірибеде синтетикалық полимерлердің ішінде пенополиуретандар көнінен колданылуда. Материалдың қеуекті құрылымы ауа өткізу мен эксаддаттың булануына мүмкіндік берсе, ал жінішке шашакты торлары сырткы орта инфекциясынан қорғайды. Пенополиуретанды материалдардың адсорбциялық қабілеттілігі жоғары болуына байланысты ауа мен су буын өткізгіш, эластикалы және жұмсақ, арзан [3-5].

Жұмыстың мақсаты – орынды жансыздандырыш казкаин сияқты дәрілік зат иммобилизацияланған пенополиуретан негізінде емдік қасиеті бар полимерлі жабындылар синтездеп, олардың пролонгациясын артыру мен қажетті қабілеттерінің

мүмкіндіктерін зерттеу.

### МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Д.3.: казкаин – 1 - (2-этоксиэтилен) - 4 - этинил - 4 - бензоилоксипиридиннің гидро-хлоридін ҚР БГМ Ә.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институтындағы [6] дәрілік заттар химиясы лабораториясында субстанциялық түрде алынған. Полипропиленоксид Fluka өндірісі MM 1000 қолданар алдында 80 °C температурада 3 сағат вакумда кептіріледі. Толуилен 2,4-диизоцианат Aldrich фирмасының өнімі, қолданар алдында айдалып, күргәк салқын жерде сакталынды.

Ауырту әсері бар пенополиуретан негізіндеғі жабындылар келесі жолдармен алынды [7]. Арааластырыш, термометр және инертті газ беріп тұратын тұтікпен жабдықталған үш мойынды колбаға полиэтиленгликольді арааластыра отырып, артынан толуилен 2,4-диизоцианатты полиол: диизоцинат қатынасы 1:2,2 тең етіп есептелінген көлемін арасы 10 минуттық интервалда тамшылатып қосып отырады. Реакция азотты атмосферада, 110°-115°C температурада екі сағат бойында жүргізілініп, нәтижесінде тізбек соңында изоцинатты топтары бар форполимер (макродиизоцинат) алынады. Екінші сатыда реакция форполимер мен су арасында етеді де пенополиуретан жабындысы синтезделінеді. Ол үшін фторпласты ыдысқа макродиизоцинатты (1г) және есептелініп алынған су көлемін қосып ( $\text{CO}_2$ ) газының көпіршіктегі түзілгенге дейін арааластырып, 24 сағатқа қалдырылады. Ал дәрілік зат ұсақ кристалды ұнтақ ретінде реакцияның екінші сатысында енгізіледі. Пенополиуретан үлгісінен Д.3. бөлінуін зерттеу үшін диаметрлері  $10,0 \pm 0,2$  мм болатында етіп дискілер кесілініп алынады.

Аnestетиктің полимерлі үлгілерден белініп шығуы УК-спектроскопиялық әдіс бойынша [8] әдебиесте келтірілген әдіске сәйкес зерттелінді. Спектрлер қалындығы 1 см квартты кюветада «Spectord

UV-VIS» (Жапондық) спектрофото-метрде тіркелінді.

### НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАУ



Қазіргі күнде дәрілік заттарды тері арқылы жеткізуге мүмкіндік беретін трансдермалды терапевтикалық жүйе деп аталатын жоғары эффек-тивті жүйе ғылымы қарқынды дамуда. Мұндай жүйелерді алуда пенополиуретан полимерлерінің көлешегі зор. Біз жаракаттар мен күйік орындарына жабынды ретін құрамында мөлшері әртүрлі казкаин сингілген кеуекті жабындылар жүйелері өндөліп және модельді ортада олардың дәрілік заттарды бөліп шығару процесіне әртүрлі физика-химиялық факторлардың есептесінде зерттелінді. Казкаин ең алғаш Қазақстан ғалымдарымен КР БГМ А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдар институтында дәрілік заттар химиясы лабораториясында синтезделінген.

Пенополиуретанды жабындыларын толуилен-2,4-диизоцианат, ММ 1,200 болып келетін полипропиленоксиді мен тізбек ұзартқыш ретінде суды пайдаланып екі сатылы полимерлі әдіс боғынша синтездедік. Бірінші сатысында преполимер немесе макродиизоцианат келесі әдіс бойынша алынды. Араластырғыш, термометр және инергетті газ беріп тұратын тұтікшемен жабдықталған үш мойынды колбаға полиэтилентиксанды құйып біраз араласырып, молярлық катынастары – 1:2,2 болатындей

етіп есептелінген толуилен-2,4-диизоцианатын тамшылатып бөліктеп косып 110-115°C температурада 2 сағат бойында азот атмосферасында ұстап алынды. Екінші сатыда реакция перполимер мен су арасында жүріп нәтижесінде пенополиуретанды жабынды синтез-делінді. Ол үшін фторопласти ыдыска макродиизоцианаттың (1 г) өлшемдесін салып оған есеп-төлінген көлемде су косып, шыны таяқшамен ( $\text{CO}_2$ ) газ көбіктегі бөліне бастағанша қарқынды араластырып толығымен көбікtenен үшін және қатауы үшін 24 сағатқа қоямыз. ДЗ негізінен ұсақ кристалды ұнтақ күйінде полимерге екінші сатыда енгіздік. Нәтижесінде құрамына жергілікті жансыздандырғыш ДЗ толығымен диспергирленген ұсақ кеуекті, жұмсак, берік, әрі эластикалық губка тәріздес материал алынды.

Алынған пенополиуретан жабындыларының кеуектілігін зерттегендеге көптеген кеуектер диаметрлерінің размрлері 100-200 мк болып табылып, дәл осындай микропұралымды кеуекті таң-ғыштар пайдаланған кезде күйік орындарының жылдам жандануына ерекше мүмкіндіктер беретіні анықталынды.


УК-спектроскопиясы арқылы “*in vitro*” жағдайында жергілікті жансыздандырғыштардың бөлініп шығуы зерттелінді. ДЗ полимерлі матрицаларда толығымен біркелкі диспергленіп, модельді ортада диффузия механизмі бойынша яғни жылдамдықтың азаоюмен бөлініп шығатыны анықталынды. Диффу-




Мұнда:



$\text{CH}_3$  – 2,4-толуилендиизоцианаты



Пенополиуретан негізіндегі ауырту сезімдерін басатын жабындыларын алу сұлбасы



1-сурет. Жүктемесі әртүрлі казкаинның пенополиуретан жабындыларынан Рингер-Лок ерітіндісінде босап шығу: 100 (D), 200 (Θ) және 300 (a) мг/1 г ППУ

Кесте 1. Әртүрлі ортада жергілікті жансыздандырыштардың пенополиуретандағы диффузия коэффициенті

ДЗ, мг/1г ППУ	Құрамы		D x 10 <sup>-7</sup> , см <sup>2</sup> /с		
	H <sub>2</sub> O	Физиологиялық ерітінді	Фосфаты, буфер pH 7,4	Рингер-Лок ерітіндісі	
Казказин					
100	8,83	7,97	6,32	6,18	
200	7,23	5,61	5,40	5,32	
300	5,97	4,53	3,83	4,76	

зия процесі Фик заңымен сипатталып және кинетиканың бірінші реттілігіне сәйкес өтіп, бірлік уақытында белініп шығатын ДЗ көлемі полимерлер құрамындағы концентрацияға пропорционал болады. Рингер-Лок ерітіндісінде 37°C температурада казказинның пенополиуретаннан белініп шығу кинетикасының қысымы суретте көрсетілінген. Жансыздандырыш препарат полимерлерден 85-90% дифунгирленуі 5-6 тәуліктे байқалып, ДЗ-дың табигаты оның полимерлі матрикалардан босап шығу процесіне маңызды әсер ететіні анықталынды.

Әртүрлі ортада бастапқы процесс стадиясында есептелінген жергілікті жансыздандырыштардың диффузия коэффициенттері және пенополиуретан матриасынан ДЗ белініп шығуының негізгі параметрлері кестеде көлтірілген. ДЗ жүктемесін 1г полимерде 100-ден 300 дейінгі аралықта жоғарылатқанда, жүктеменің жоғарылауымен диффузия коэффициенті аздал төмөндөйтін анықталынды.

Сонымен ұсынылған тәжірибелік мәліметтер пенополиуретанды жарақаттар мен күйік орындарын емдеуде кеуекті полимерлі жабындылар өндеуде пайдалану үшін мүмкіндіктері бар екенін дәлелдейді. Пенополиуретан құрамына казказин енгізу арқылы жарақаттағы сұйық ортада олардың диффузиялануы туғызып, ауырту әсерін басатын қасиеттерін про-

лонгациялауға және қолдану кезінде ауырту әсерлерінің айтарлықтай азайту мүкіндіктеріне қол жеткізуге болады.

Авторлар ҚР ҰҒА академигі К.Д. Піралиев пен химия ғылымдарының докторы В.К.Ю ұсынылған казказин субстанциясының үлгісі үшін раҳметін білдіреді.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Фельдштейн М.М., Якубович В.С., Раскина Л.П., Даурова Т.Т. Полимерные покрытия для лечения ран и ожогов // Химия и технология полимерных соединений. (Итоги науки и техники). М.: ВИНТИ, 1981. Т. 16. С. 120-151.
2. Лишиц В.С. Полимерные покрытия на раны и ожоги // Химико-фармацевт. журн. 1988. № 7. С.790-796.
3. Leah M.D., Cooper S.L. Polyurethanes in Medicine. Boca Raton. CRC Press. 1986. 324 р.
4. Жубанов Б.А., Батырбеков Е.О., Исаков Р.М. Полимерные материалы с лечебным действием. Алматы: Комплекс, 2000. 220 с.
5. Батырбеков Е.О., Мошкевич С.А., Жубанов Б.А., Пралиев К.Д. и др. Полимерные лекарственные препараты пролонгированного действия. Алматы: КазгосИНИИ, 41 с.
6. Патент РК № 3137. Гидрохлорид 1-(2-этоксиэтил)-4-этинил-4-бензоилоксипиридинина, обладающий местно-анестезирующим действием. Алматы: КазгосИНИИ, 41 с.

стезирующей активностью (КАЗКАИН) / Пралиев К.Д., Исин Ж.И., Ю В.К., Тараков С.А. и др. Опубл. Б.и. РК, 1996. №1.

7. *Iskakov R.M., Batyrbekov E.O., Leonova M.B., Zhubanov B.A. Preparation and release profiles of cyclophoshamide from segmented polyurethanes // Journ .Appl. Polym. Sci. 2000.V.75. N 1. P. 35–43.*

8. *Batyrbekov E.O., Iskakov R.M., Boldyrev D.Yu., Yu V.K., Praliev K.D., Zhubanov B.A. Segmented polyurethanes for controlled delivery of anesthetics // Architecture and Application of Biomaterials and Biomolecular Materials. Symposium Proceedings. MRS. Warrendale, PA. USA. Vol.EXS-1.2004. P. 433-435.*

следована динамика высвобождения препарата из полимерных форм. Сделано заключение о возможности использования пенополиуретанов для пролонгирования действия местных анестетков.

*А.Б. Бектуров атындағы химия  
ғылымдары институты, Алматы* Түскен 7.11.2007 ж.

### **Резюме**

Проведена иммобилизация местноанестезирующего препарата казкаина на пенополиуретановой матрице. Ис-